7199-25-00-2а/4116

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 19 тамыз Астана қаласы

Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші судья А.Е.Исмағұлов, судьялар Г.Ж.Ибраимова, А.Болатұлы,

талап қоюшының өкілі А.У.Байдюсенованың қатысуымен,

ашық сот отырысында Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 5 маусымдағы шешіміне талап қоюшының апелляциялық шағымы бойынша «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «99 company» атынан - Самат Нұртілеу Қонысұлына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы бойынша азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

2025 жылғы 3 наурызда «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «99 company» атынан - Самат Нұртілеу Қонысұлы (бұдан әрі – Өнім беруші) арасында 344 900 теңгеге тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №25/151 шарт жасалған (бұдан әрі - Шарт).

Шарт талаптарына сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша 4 позиция бойынша тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шартқа №1 қосымшасына сәйкес тауар жеткізу мерзімі Шартқа қол қойылған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, сәйкесінше 2025 жылғы 19 наурыз.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 2025 жылғы 6 мамырда өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберді, шарт 2025 жылғы 5 маусымда бұзылған.

Талап қоюшы талап арызын негіздей отырып, жауапкер шарт талаптарына сәйкес тауарды толық көлемде, шартта көзделген мерзімде жеткізбегенін көрсетті.

Құжатқа қол қойылған: Исмагулов А. Е., 26.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Ибраимова Г. Ж., 26.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 25.08.2025

Сот талқылауы барысында талап қоюшы өкілі жауапкердің тауарды ішінара жеткізгенін мәлімдеді, тараптармен қол қойылған 2025 жылғы 29 мамырдағы тауарды қабылдап-тапсыру актісі ұсынылды (тауар 2025 жылғы 26 мамырда жүкқұжатқа сәйкес жеткізілген). Актіде 2025 жылғы 20 наурыздан 2025 жылғы 26 мамырға дейінгі кезең үшін 23 453,20 теңге мөлшерінде айыппұл ұсталуы көрсетілген. Талапты қанағаттандыруды сұрады.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 5 маусымдағы шешімімен талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылды.

Талап қоюшы апелляциялық шағым түсірді, онда ол сот шешімінің күшін жою және талапты қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығаруды сұрады. Жауапкер тауарды белгіленген мерзімде жеткізбегенін көрсетті. Тауардың бір бөлігін 68 күнге кешіктіріп жеткізді. Сот отырысында ол тауардың қалған бөлігін 2025 жылдың 27 мамырына дейін жеткізетінін мәлімдеді, бірақ жеткізбеді. Қолданыстағы заңнамада егер жауапкер тауарды 50% - дан астам жеткізген болса, онда бұл талапты қанағаттандырудан бас тартуға негіз болады деп көзделмеген.

Жауапкер белгіленген уақытқа қосылмады, өз өкілінің қатысуын қамтамасыз етпеді, осыған байланысты алқа Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 418-бабы 2-тармағының тәртібінде жауапкер болмаған кезде істі қарады.

Таралап қоюшыны тыңдап, іс материалдарын зерттеп, алқа келесіге келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272, 273-баптарының, 277-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының

Құжатқа қол қойылған: Исмагулов А. Е., 26.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Ибраимова Г. Ж., 26.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 25.08.2025

мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың 3.1 тармағының 1) тармағына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 5.1 тармағына сәйкес, Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

Шарттың 5.2-тармағына сәйкес, Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

Бірінші сатыдағы сот талапты қанағаттандырудан бас тартып, келесі көрсетті.

Сот отырысында жауапкердің 240 000 теңгеге тауар жеткізгені анықталды, бұл шарттағы тауардың жалпы құнының 69,9%-ын құрайды, бұл 2025 жылғы 29 мамырдағы тараптар қол қойған тауарды қабылдап-тапсыру актісімен расталады. Талап қоюшы тарапынан жеткізілген тауардың сапасы мен көлеміне қатысты талаптар, ескертулер болмаған, тауарды кеш жеткізу салдарынан туындаған теріс салдарлар анықталған жоқ.

Осы мән-жайларды ескере отырып, сот, әділеттілік пен парасаттылық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, шарттың 69,9%-ына орындалғанын, теріс салдарлардың болмағанын, есептелген айыппұлдың төленбегенін назарға алып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талапты қанағаттандырудан бас тарту қажет деген қорытындыға келді.

Алқа мұндай тұжырыммен келісе алмайды.

Істің мән-жайлары бойынша жауапкер өз міндеттемелерін тиісінше орындамады, шартты орындау мерзімін бұза отырып, тауардың бір бөлігін ғана жеткізді. Қалған тауарды жеткізген жоқ, ол талап қоюшыға зиян келтірді.

Бұл жағдайда сотта жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға барлық негіздер болды.

Соттың тұжырымы заң талаптарына сәйкес келмейді, осыған байланысты сот шешімі талапты қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдаумен жойылуға жатады.

АПК-нің 117-бабының 1-тармағына сәйкес жауапкерден мемлекеттік баж өндіріліп алынады, оны төлеуден талап қоюшы босатылды.

АПК-нің 424-бабының 1-бөлігіннің 3 тармағын басшылыққа алып, сот алқасы

Құжатқа қол қойылған: Исмағұлов А. Е., 26.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Ибраимова Г. Ж., 26.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 25.08.2025

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 5 маусымдағы шешімінің күшін жойылсын, іс бойынша жаңа шешім қабылдансын.

«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «99 company» атынан - Самат Нұртілеу Қонысұлына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «99 company» атынан - Самат Нұртілеу Қонысұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «99 company» атынан - Самат Нұртілеу Қонысұлынан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшының апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Апелляциялық сатыдағы сотының қаулысына заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде оған кассациялық шағым, наразалық азаматтық істер жөніндегі Кассациялық сотқа берілуі мүмкін.

Төрағалық етуші А.Е.Исмағұлов

судьялар Г.Ж.Ибраимова

А.Болатұлы

Құжатқа қол қойылған: Исмагулов А. Е., 26.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Ибраимова Г. Ж., 26.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 25.08.2025

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?

ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы

- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу

Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:

- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

Құжатқа қол қойылған: Исмагулов А. Е., 26.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Ибраимова Г. Ж., 26.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 25.08.2025

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911

7199-25-3-2/4140